



Бас ми жарақаттары

Орындаған: Есімханова Г
Қабылдаған: Тұрметов И
Тобы: ЖМ – 203

Жоспары

- * **Кіріспе**

- * **Негізгі**

Бас ми жарақаттары классификациясы

Клиникалық көріністері

Дифференциалды диагностикасы

Зерттеу әдістері

Емдеу


- * **Қорытынды**

- * **Пайдаланылған әдебиеттер**

Мақсаты

* Бассүйек ми жарақаттарының пайда болуы себептері, белгілері, көріністері және емдеу тәсілдері туралы студенттерде түсінік қалыптастыру.

Бас ми жаражатының сыртқы көрінісі



Анықтамасы

- * **Бас ми жарақаты** – бастың зақымдалуы кезінде дамитың симптомокомплекс. **Жабық бас ми жарақаты** – бас терісінің бүтіндігінің бұзылмағандығымен, геморрагиялық сұйықтықтың жоқтығымен, яғни мұрын, құлақ жолдарынан геморрагиялық сұйықтық ағуы болмауымен ерекшеленеді. **Ашық БМЖ** – бастың жұмсақ тіні және бассүйектің апоневроз (шандыр) дулығасының бүтіндігі бұзылуы жатады, ол сынық аймағына сәйкес келеді. Ми жарақатының өтпелі зақымдануына бассүйектердің сынуы және мидың қатты қабығының зақымдануы жатады.

Жіктемесі

- * Жіктемесі - клиникалық көрінісінің ауырлығына байланысты:
- * • 1 дәрежесі (төменгі немесе аз қауіп) – аздаған бас ауырулары немесе болмауы, жүрек айну және қысқа уақытқа құсулар, есін жоғалтумен жалғасады(секундтар) баста соғылу белгілері болуы мүмкін.
- * • 2 дәрежесі (орташа қауіп) – есін жоғалту 1 минуттан ұзак, үдемелі бастың ауыруы, үйқышылдық, 3 реттен артық құсу, бас айналу, аз уақыттық еске сақтау қабілетінің жоғалуы болуы мүмкін. Бас сүйегінің сыну белгілері, бет қаңқасы сүйектерінің зақымдалу белгілері, көптеген жарақаттар болуы мүмкін.
- * • 3 дәрежесі – неврологиялық белгілері, бастың енген жарақаттары.


- * **БМЖ патофизиологиясы бойынша:**
- * 1. Ілкі зақымдануға бассүйекке, ми қабатына, ми тіндеріне, ми қантамырларына, ликворлық жүйеге жарақаттаушы күштің әсер етуі жатады.
- * 2. Салдарлық зақымдану мидың тура әсер етуімен байланысты емес, бірақ мидың біріншілік зақымдануы көбінесе екінші типті ми тінінің ишемиялық өзгерістеріне байланысты. (Бассүйекішілік және жүйелік).

Бассүйек ішілік – цереброваскулярлық өзгерістер, ликворлық айналымның бұзылуы, мидың ісінуі, бассүйекішілік қысымның өзгерістері, дислокациялық синдром.

- * **Жүйелік** – артериялық гипотензия, гипоксия, гипер және гипокапния, гипо және гипернатриемия, көмірсу алмасуының бұзылуы, ТІШҚҰ - синдромы.

- * 1773 ж Пти ең алғаш рет жабық басми жарақатының 3 негізгі формасын атап көрсетт: соққы, құлау және бас миының қысымы.
- * I. Жабық басми жарақаты
- * **А. Бас сүйегінің зақымдануының жарақаты**
- * 1. Басмиының шайқалуы
- * 2. Бас миының жарақаты: жеңіл, орташа және ауыр дәрежелі.
- * 3. Басмиы қысылуының себебі және формалары:
 - * а) гематома – жедел, жеделдеу, созылмалы; эпидуральды, субдуральды, миішілік, қарыншаішілік, жалпы.
 - * Б) субдуральды гидрома: жедел, жеделдеу, созылмалы;
 - * В) субарахноидалды қан құйылу;
 - * Г) ми ісігі;
 - * Д) пневмоцефалия.
- * 4. Жарақаттың басішілік зақымдануларымен қосылуы


Сотрясение мозга




Рвота



Ушиб мозга




Гемипарез




Нарушение сознания



Головокружение






Поражение VII н.



- * **Б. Бас сүйегінің зақымдануының жарақаты.**
- * **А. Бас сүйегінің зақымдануынсыз жарақаты**
- * **1. Басминың шайқалуы**
- * **2. Басминың жарақаты себебі және формалары:**
- * а) гематома – жедел, жеделдеу, созылмалы; эпидуральды, субдуральды, миішілік, қарыншаішілік, жалпы.
- * Б) субдуральды гидрома: жедел, жеделдеу, созылмалы;
- * В) субарахноидалды қан құйылу;
- * Г) ми ісігі;
- * Д) пневмоцефалия.
- * Е) қысым алмасуы.
- * З. Басішілік зақымдануының қосылуы.
- * ІІ. Басми сүйегінің ашық жарақаты.

* Балаларда БСМЖ болатын өлім барлық өлімнің 10% құрайды.
Бас сүйек-ми жарақаттарына кефалогематома, мидың шайқалуы, ми контузиясы, мидың қысылуы (субдуралды, эпидуралды және миішілік гематомалар, ми негізі мен тұғырының сынуы) жатады.





БМЖ жалпы клиникалық белгілері



- * Ми шайқалуы барынша аз ауырлықтағы зақымдану, мұнда ми тканінде органикалық өзгерістер болмайды. Ми шайқалғанда жарақаттан соң бір реттік қысқа мерзімді (бірнеше секундке немесе минутқа) естен тану мен қысқа кезеңде жад жоғалту болады. Одан кейін басқа симптомдар білінеді: жүрек айну, құсу, жалпы әлсіздік, бас айналу, бас ауыруы. Жоғары ызалану, шаршау, үйқы басу байқалады. Зардап шегуші ашық жарықты, қатты дыбысты жақтырмайды.

**Жедел кезеңдегі жеңіл бас-ми жарақатынан кейінгі көрінген
симптомдардың жиілігі, ал екі зерттеліп жатқан топта, бұл әр түрлі
мерзімде көрінуі.**




	1 тәулік		3 тәулік		7 тәулік		10 тәулік	
Симптомдар	I	II	I	II	I	II	I	II
Бастың ауруы	100	100	67,1±6,1	73,2±3,2	45,2	49,8 ±5,49	13,6 ±3,46	23,7 ±2,3
	-		p>0,05		p>0,05		p>0,05	
Лоқсу және құсу	46,5	47,2	12,7	16,1±2,7	5,6	8,9 ±0,9	-	-
	±3,65	±4,45	±5,5	p>0,05		±0,42,	p>0,05	
Ұйқышылдық	72,1	69,9 ±5,45	32,1	37,8±4,1	21,9±2,2	22,7±3,4	11,4±1,13	17,1±1,2
	±7,55	p>0,05		±2,9	p>0,05		p>0,05	
Гипергидроз	35,9	37,1	25,4	29,6±2,1	17,8±1,04	26,9±1,2	4,5	15,8±0,24
	±1,67	±2,23	±2,1	p<0,05		p<0,05		±0,15
p<0,05								

I-негізгі топ

II-бақылаудағы топ

Бағдарлаудың (ориентация) бұзылысы және жеңіл мнестикалық бұзылыс БМЖ ауырлығын бағалауда қолданылытын негізгі тест болып табылады. Негізгі зерттеуде ориентация мен Галверстон амнезиясына тест жүргізіп бағалағанда статистикалық дәлелденген өзгеріс жарақаттан соң тестілеудің 3,7,10 тәуліктерінде анықталды. Зерттеудің алғашқы тәуліктерінде өзгерістер статистикалық дәлелденбеді. Липосом форте® препараттының инфулиясын қабылдап жатқан науқастарда және зерттеліп жатқандардың көбісінде есте сақтау функциясымен ориентация ертерек қалпына келді

* Мидың зақымдану түрлеріне байланысты түсініктеме:



KazMedic.kz



* Кішкентай балаларда, әсіреле 1 жастағыларда естен тану сирек кездеседі. Олардың терісі (әсіреле беті) бозарады, одан соң әлсіздік пен үйқы басу дамиды (сирегірек, керісінше мазасыздану, ызалану, үйқы бұзылысы болады). Тамақтандырған кезде лоқсу жиі кездеседі, 1-3 жастағыларда қайталап құсу жиі байқалады. Естен танумен, жүрек айнуымен және құсумен бірге болатын бас сүйек-ми жарақатында бірінші және негізгі шара – бұл дәрігерге тез арада қаралу. Дер кезінде және дұрыс жасалған диагностика зардал шегушінің аз асқынуларсыз сауығуына ықпал етеді.

Бассүйек қабы астына қан жиналу

- * Кефалогематома – әртүрлі себептермен бассүйек қабы астына қан жиналуы.
Нәрестенің шапшаң туылу кезеңде немесе туылу кезінде әртүрлі қосымша құралдарды қолдану салдарынан бассүйек қабы жарақаттанып, астында қан жиналады.



Клиникалық көріністері

- * Нәрестенің басында, көбінесе тәбе сүейгі үстінде әртүрлі көлемді жұмсақтау бір, кейде бірнеше ісік анықталады. Исіктің үстіндегі терінің түсі өзгермеген. Исікті саусақпен басып тексергенде «шайқалу» белгісі, айналасында қаттырақ шеміршек тәрізді шектеу тіні білінеді. Көбіне бассүйек қабы астына жиналған қан нәресте туғаннан кейін 2-3 аптада тарап кетеді.





- * Кейде кефалогематома қабынып, іріңдеп кетуі мүмкін. Нәрестенің көңіл қүйі салғырт тартып, мазасыздана бастайды, дene қызыу көтеріледі. Ісіктің ұстіндегі тері қызарып, көлемі үлкейе бастайды, басқанда ауырады.
- * Бассүйек қабы астына құйылған көлемді қан кейде қоюланып жатады. Қатқан қан салмағымен бассүйегін басып, оны жүқартып немесе тесіп жіберуі мүмкін.

Дифдиагностикасы

- * **Бассүйегі күмбезі сынығында апоневроз астына жиналатын қаннан ажырату керек. Соңғысында жиналған қанның көлемі үлкенірек, шеттері ісіңкіреп, қөтеріңкі келеді, саусақпен басып тексергенде ойықты сынаққа ұқсайды, басқанда ауырады, кейде сынған сүйек сықыры сезіледі. Бұл ауруларды ажыратуға бвассүйегінің рентгенографиясы (краинография) мен арнаулы неврологиялық зерттеулер көмектеседі.**

Анықтау Әдістері

* Сыртқы көрінісіне негізделп анықталады және міндетті түрде краниография жасалады.

Церебральдық ангиография

- Бұл әдіс қан тамырлары шурулары мен мидағы ісікті анықтау кезінде белгілі дәрежеде қауіпсіз ері конттендер деректер алуға болады. Контрастық заттар ретінде йодтендерілген препараттардың гипак, урографии, верографии, уротраст, пантопак судағы 35-45% ерітіндісі колданылады. Бауыры мен бүйрек кызметі бұзылған науқастарға ангиография жасауда болмайды. Бас сүйегі жүйесіндеги патологиялық озгерістердің орналаскан жерин жобалап контрастық зат пункция арқылы жалпы үйкі артериясына немесе омыртқа артериясына жібереді.

Емі

- * Көлемі кішкене кефалогематомалар арнаулы емді қажет етпейді, оларды тек асқынып кетпесін деп бақылайды. Кефалогематомаға нәресте туғаннан кейінгі 1-5 күні пункция жасамайды. Әйткені пункциядан соң қан қайта ағып жиналуы және оның салдарынан анемияның өршуі мүмкін. Үлкен көлемді кефалогематомаларға 10-14-ші күндерден бастап пункция жасалады. Егер кефалогематомада ұйып қатқан қан болса, жергілікті жансыздану тәсілімен жұмсақ тінді ұзындығы 1см кесіп тазалайды. Пункциядан соң кефалогематоманы басып таңады.
- * Бассүйек қабы астына жиналған қан іріндесе, оны кесіп ашады және ары қарай аурулар сияқты емдейді.



user563252.baby.ru

Мидың шайқалуы

- * Мидың шайқалуының негізгі травматикалық жарақаттан кейінгі себебі басішілік гематома және басминың жайылуши ісіктеріне байланысты. Гематомалардың локализацияларының ми қыртысынң қабаттары мен тұғырларына қатысты эпидуралды, субдуралды, миішілік, қарыншаішілік және субарахноидалды қан кетулер болып бөлінеді. Басішілік гематомаларды 3 типке бөліп қарастырады.
- * - жедел, жарақат алғанда белгілерінің көрініс беруіне 3 күн болғанда;
- * - жеделдеу, клиникалық белгілерінің көрініс беруіне жарақаттың 4-14 күні;
- * Созылмалы, клиникалық көріністернің берілуі 2 аптадан бірнеше жылға дейін жарақаттан кейін.

* Мидың шайқалу синдромы жедел аяқ асты шайқалудан, басминың жарақаты немесе бассүйегінің жарылуы. Және де бұл белгілр жарақаттани кейін бірнеше минуттардан, сағат немесе тәуліктерден кейін сосудтардың зақымдануына, себептеріне, таралуына байланысты және өлім көрсеткіші есебімен адамдарда үрей болуы мүмкін. Диагностикалық тексеру мақсатында Әсіресе, неврологиялық және ісіктік аймақты тексеру барысында өте мүқият болу қажет. Себебі олар бала өміріне қауіпті болуы мүмкін.

- * **1. Ми(дың) шайқалу(ы)** - ауыр емес жарақаттаушы күштің түсуінен болатын жағдай.
- * БМЖ жарақаттаушларының 70%- да кездеседі. Ми шайқалғанда естен тану болмайды немесе жарақаттан кейін аз уақытқа 1-2 мин-тан 10-15 мин. естен танумен сипатталады. Науқастар басы ауыратынын, айнатынын, жүрек айнитынын, құсатынын, көзін қозғалтқанда ауырсынатынын, әл-дәрмені жоқтығын айтып шағымданады.
- * Сіңір рефлексінің жеңіл ассимитриясы болуы мүмкін. Қысқа мерзімді ретроградтық амнезия.
- * Антероградтық амнезия болмайды. Ми шайқалуына көрсетілген көріністер ми функциональдық зақымдануымен шақырылады және 5-8 күннен кейін өтеді.
- * Диагнозды қою үшін берілген барлық симptomдардың болуы аса қажет емес. Мидың шайқалуы бірдей форма болып табылады және ауырлық дәрежеге бөлінбейді.





Первая помощь при
травме головы:
салфетки, лед, повязка



* 2 Мидың соғылуы - бұл зақымдану ми затының макроструктуралық деструкциясы түрінде жиі гемморагиялық компонентпен жарақат күшінің тиген кезінде боледы. Клиникалық ағымыны қарай және ми тінінің зақымдануының айқындығына қарай соғылу жеңіл, ауыр, және ауыр дәрежеге бөлінеді.





- * **Ми соғылуының жеңіл дәрежесі** (10-15% жарақаттанушы). Жарақаттан кейін бірнеше минуттан 40 минутқа дейін естен тану. Көбінде 30 мин. дейінгі уақытта ретроградтық амнезия көрінеді. Егер антероградтық амнезия пайда болса, онда ол ұзақ емес. Ес қалпына келгенде жарақаттанушы бас ауруына, жүрек айнуына, құсу, бас айналуына, назардың әлсізденуіне шағымданады. Нистагм, анизорефлексия, кейде жеңіл гемипарез көрінуі мүмкін. Кейде патологиялық рефлекстердің көрінуі болады. Субарахноидальдық қан құйылу әсерінен айқын емес менингеальдық синдром көрінеді. Бради және тахикардия көрінуі мүмкін. АК 10-15 мм.с.б. транзиторлық көтерілуі. Симптоматика одан сайын дамиды жарақаттан кейін 1-3 апта да.

- * 4. Ми соғылуының орта ауырлықты дәрежесі.
- * Естің тануы бірнеше ондықтан 2-4 сағ. созылады. Беткей немесе терең есекіреуге дейін естің тежелуі бірнеше сағат немесе тәүлік сақталуы мүмкін. Айқын бас ауыруы, жиі қайтalamалы құсу. Горизонтальдық нистагм, жарыққа қараышық реакциясының төмендеуі, кейде аса айқындалмаған гемипарез, және патологиялық рефлекстер. Сезімталдықтың бұзылуы мүмкін, сөйлеу бұзылыстары болуы мүмкін. Менингиальді синдром сәл айқындалған, ал ликворлы қысым сәл көтерілген (Ликвореясы бар науқастардан бөлек) Тахи немесе брадикардия көрінеді. Тыныстың сәл тахипноэ күйде бұзылысы, ритм қалыпты аппарат коррекциясын керек етпейді. Температурасы субфебрильді бірінші тәүлікте психомоторлық қозу, кейде тырысу ұстамалары болуы мүмкін. Ретро немесе антероградты амнезия көрінеді.

- * **Ми соғылуының ауыр дәрежесі,**
- * Естен тану бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке дейін болады (Жарты науқастарда апалдық синдром және акинетикалық мутизмге ауысады) Естің сопор немесе комаға дейін тануы. Айқын психомоторлық қозу атонияға дейін ауысуы көрінеді. Бағаналы симптомдары айқын көз алмасының балқымалы қозғалысы. вертикальдық осі бойынша көз алмасының ара қашықтығының әртүлілігі, анизокория. Қараыштырылған жарыққа реакциясы және қасаң қабық рефлекстері жоғалған. Жұтыну бұзылған. Кейде ауру қоздырғыштарына горметания қосылады немесе спонтанды. Екі жақтылық табан патологиялық рефлекстері бұлшық ет тонусының өзгерістері көрінеді - гемипарез, анизорефлексия, діріл ұстамалары болуы мүмкін. Орталық немесе шеткі тип бойынша тыныстырылған бұзылышы (тахи немесе брадипноэ). Ақ жоғары немесе төмен, ал атониялық кома жағдайында тұрақты емес және бірқалыпты дәрілердің көмегін қажет етеді. Менингиальді синдромы айқын. Миның соғылуының арнайы сатысына - мидың диффуздық аксональдық зақымдануы жатады. Оның клиникалық көріністерінде ми бағанасының қызметінің айқын бұзылышы жатады - есінің терең комаға дейін тұсуі, витальдық қызметінің айқын бұзылышы, ол аппараттың, және медикаментоздық коррекцияны қажет етеді. Миның диффуздық аксональдық зақымдануында өлім көрсеткіші 80-90% жоғары. Ал тірі қалғандарда аппаликалық синдром туады. Диффуздық аксональдық зақымданулар бас сүйек ішілік гематомалар түзілуін шақыртады.

* Мидың өсөтін және өспейтін

Қысылуы - Бас ішілік қуыста көлемдік түзілістердің азауынан болады. БМЖ кезінде «өспейтін» Қысылу «өсетінге» Қысылуға айналып мидың айқын компрессиясына және дислокациясына алып келеді. Өспейтін Қысылуларға бас мүшесінің сынықтары мен Қысылуы басылған сынықтарда, миға басқа шектен тыс денелермен қысқанда болады. Бұл кезде қысылған ми түзілістері көлемі бойынша үлкеймейді. Мидың Қысылуының генезінде атқарушы рольді екіншілік бас сүйек ішілік механизмдер айқындалды. Өспелі Қысылуларға барлық басішілік гематомалар мен ми соғылулар жатады және масса эффектпен шақырылады.




- * **БМЖ шақырылатын себебі:**
- * 1 Автожолдың жарапаттану
- * 2 Құнделікті жарапат
- * 3 Құлау және спорттық жарапат




- * **Диагностикалық критерий**
- * Бастың тери жабындыларында көрінетін зақымдануының болуына назар аударады. Периорбитальдық гематома («көзілдірік» симптомы, «енот көздері») - алдыңғы бассүек шұңқырының түбінің сынығын білдіреді. Емізік тәрізді өсіндінің айналасындағы гематома (Баттал симптомы) Самай сүйегінің пирамадасының сынығымен көрінеді. Гемотимпанум немесе құлақ жаңғырығының жарылуы - бас сүйегінің негізінің сынығына сәйкес келеді. Мұрын немесе құлақты ликворея бас сүйектің негізінің сынығының және өтпелі БМЖ-ны сәйкестендіреді. Бас сүйегінің перкуссиясы кезіндегі «шатынаған ыдыс» дыбысы бас сүйек байланысындағы сүйек сынығындаға кездеседі. Коньюктиваның ісінуімен жүретін экзофталм, каротидті - кавернозды қосылулардың немесе түзілген ретробульбарлы гематомалардың құрылуларына бағыт береді. Шүйде-мойын аймағындағы жұмсақ тіндердің гематомасы тунде сүйегінің сынуы мен және маңдайдың базальді бөлімдері мен полюстері, самай бөлігінің полюстері сынығымен жүруі мүмкін. Міндетті түрде естің деңгейін бағалау, миненгиальді симптомның көрінуі, қараышқтың жарыққа реакциясы, бас сүйек жүйкесінің қызметі және қозғалу қызметі, неврологиялық симптомдар, бас сүйекішілік қысымның, ми дислокациясы жедел ликворлық эклюзияның түзілуі.

Зерттеу Әдістері

- * Компьютерлік томография;
- * МРТ;
- * Жалпы хирургиялық және неврологиялық тексеру;
- * Бас рентгенографиясы;
- * Эхоэнцефалография;
- * Каротидті ангиография;
- * Электроэнцефалография;
- * Реоэнцелография;
- * Краниография.



КЕФАЛОГЕМАТОМА



Емі

- * **Медициналық көмекті көрсетудің тактикасы:**
- * Жарапттануышының емдеу тактикасын таңдау - бас миының зақымдану сипатына қарай, қосылу сүйектері және бас сүйек негізінің сипатына қарай анықтайды және туылған асқынуларға қарайды.

- * **БМЖ-мен жарақаттанғандарға ең алғаш жәрдем негізінде-** артериалдық гипотензияға, гиповентиляцияға, гипоксияға, гиперкапнияға жол бермеу өйткені ол асқынулар мидың ауыр ишимиялық зақымдануына алып келеді және өлімге қауіптілігі жоғары. Осылан байланысты жарақаттан кейін бірінші минут және сағат емдеу шаралары «ABC» ережелеріне сәйкес орындалу қажет.
- * **A**- тыныс жолдарына өтімділігін жақсарту
- * **B**- қалыпты тынысты қалыптастыру тыныс жолдарындағы абстракцияны алып тастау, пневмогемоторакс ИВЛ кезінде (көрсеткіш бойынша) плевра қуысына дренаж жасау.
- * **C**- жүрек қан тамыр жүйесінің жұмысына қарау: тез АҚК қалыптастыру (кристалойд және калloid ерітіндісін құю) миокард жетіспеүшілігі кезінде бөтен препараттарды енгізу (допамин, добутамин) немесе вазопрессорларды (адреналин, норадреналин, мезатон) айналымдағы қанның массасын қалпына келтірмей вазопрессорларды енгізу қауіпті

- * **ӨЖЖ жүргізуге және кеңірдек интубациясының көрсеткіштеріне** апноэ, гипопноэ, тері және сілемейлі қабаттардың цианозы жатады. Мұрын арқылы интубация көптеген белгілері бар, өйткені БМЖ мойын-арқа жарақаттының болуы мүмкін. Сондықтанда барлық жарақаттанушыларға госпитализацияға дейін жарақаттың сипаттын білмейінше омыртқаның мойын бөлігін арнағы мойын жағаларын қолданып бекітеміз.
- * БМЖ мен жарақаттанушылардың оттегі бойынша артериовеноздық айырмашылығын Қалпына келтіру үшін 30-35% оттегіден құралған оттегі - ауалы қоспаларды қолданады. Ауыр БМЖ емдеудің міндетті компоненті болып гиповолемияны жою, осы мақсатпен 30 - 35 мл/ кг сұйықтықты тәулігіне енгізеді.

- * Жедел окклюзионды синдромы бар науқастарға енгізбейді, себебі ЦСЖ өнімдері су балансына тәуелді сондықтан оларда дегидратация болады. Ол ВЧД төмендетуге мүмкіндік береді.
- * Бассүйек ішілік гипертензияның алдын алу үшін, аурұханаға дейінгі сатыда глюокортикоидты гормондар және салуретиктер қолданады.
- * Глюокортикоидты гормондар бас ішілік гипертензияның түзілүін ескертеді, өйткені ми тініне сұйықтықтың трансудациясының төмендеуі және гематоэнцефальдық тосқауылдың өткізгіштігінің бірқалыптылығына байланысты. Олар жарақат аймағындағы перифокальдық ісінудің түсүіне көмектеседі.
- * Аурұханаға дейін көмекте венаға немесе бұлшықетке 30 мг преднизолон енгіземіз. Бірақ преднизолонның минералкортикоидтық әсерінің болуы ағзадағы натрийді ұстап, калий элиминациясын жоғарылатады, осының салдарынан БМЖ мен науқастың жалпы жағдайы жақсармауы мүмкін.

- * Сондықтан минералокортикOIDтық құрылымы жоқ 4-8 мг дозада дексаметазон қолданған жөн. Қан айналым бұзылысының болмауында глюокортикOIDтардың гормондармен қатар мидың дегидратациясы үшін тез өсер ететін салуретиктер, мысалы 20-40 мг (2-4 мл 1% ерітіндісін) лазиксті тағайындеймыз.
- * Жоғарғы дәрежелі бассүйек ішілік гипертензияда ганглиоблокаторлар қолдануға болмайды, өйткені жүйелі қан қысымының төмендеуінде мильтар қанайналымның толық блокадасы түзілүі мүмкін, ол ми капиллярларының ісінген мильтар тінмен қысылуынан болады.

* Бас сүйек ішілік қысымды төмендету үшін - осмотикалық белсенді заттарды (манит) қолдану керек емес немесе геметоэнцефальдық тосқауылдың зақымдануында ми затының арасында және қантамырының арасында градиент құру болмайды және бассүйек ішілік қан қысымының тез екіншілік көтерілуіне байланысты науқастың жағдайы төмендейді. Мынадан басқа - тыныс алудың және қан айналымның ауыр бұзылыстарымен жүретін, бас миының дислокациясына қауіп төнеді. Осы жағдайда 0,5 г/кг дене салмағына 20% ерітінді венаға манит (манитол) енгіземіз.

- * Ауруханаға дейінгі сатыда жедел жәрдем жүргізу дің тәртібі.
- * **Бас мының шайқалуы кезінде** - жедел жәрдем қажет етпейді
- * Психомоторлық қозу кезінде:
 - * - 2-4 мл 0,5% седуксен (репаниум, сибазон) ерітіндісін венаға
 - * - Стационарға тасымалдау (неврологиялық бөлімге)

- * **Бас миының соғылуы немесе қысылуы кезінде:**
 - * 1. Көктамырға жол дайындау
 - * 2. Терминалдық жағдай туса жүрек реанимациясын жүргізу.
- * 3. Қанайналымның декомпенсациясы кезінде
 - * - Реополиглюкин, кристаллойдтық ерітінділер көктамырға тамшылатып
 - * - Қажет жағдайда - допамин 200 мг 400мл изотониялық натрий хлор ерітіндісін немесе барлық басқа кристаллойдтық ерітіндіні көктамырға, жылдамдықпен, АК 120-140 мм.с.б болғанда.
- * 4 Есі жоқ болған жағдайда
 - * - Ауыз қуысын қарау және механикалық тазалау
 - * - Селлик Қалпын қолдану
 - * - Тура ларингоскопияны жасау

- * Негізгі дәрі-дәрмектер тізімі:
- * Допамин 4/ 5мг- наң ампула түрінде
- * Инфузия үшін Добутамин ерітіндісі 5мг/мл
- * Дексаметазон 4 мг/мл ампула
- * Преднизалон 25мг 1мл ампула
- * Диазипам 10 мг/2мл ампула
- * Декстрран 70-400 мг флакон
- * Натрия оксибат 20% 5мг ампула
- * Магния сульфаты 25% 5,0 ампула
- * Маннитол 15% 200мг флакон
- * 10 Фуросемид 1% 2,0 ампула
- * 11 Мезатон 1% -1,0 ампула

* Қосымша дәрі-дәрмектік ем:

- * 1 Сульфат атропині 0,1% - 1,0 ампула
- * 2 Бетаметазон 1мг ампула
- * 3 Эpineфрин 0,18% - 1мг ампула
- * 4 Дестран 400,0 флакон
- * 5 Диfенгидрамин 1% -1,0 ампула
- * 6 Кеторолак 30мг - 1,0 ампула

Қорытынды

* Ми зақымын асқындырмай уағында емдеп түзетудің жолы оның зардабының түрі мен ерекшелігінің анықталуына байланысты, сондай-ақ мидың сарсып ісінуін және бас сүйегінің ішкі қан қысымының төмендеуін болдырмауға және тіршілікке қажетті ең маңызды міндетті қызметтің дұрыстап қалпына келтіруге бағытталады. Зақымданған мидың қатты ауырған алғашқы кезеңінде науқасты ауруханаға жатқызып емдейді. Қағида бойынша, ми зақымының тигізетін залалының ауырлығына және зардабының түріне қарай науқасты қашан тәуір болғанша төсек тартқызып жатқызу тәртібі қатаң бақылауға алынады. Мұндай науқастар ауруханадан жазылып шыққаннан кейін де бұл дерттен құлантаза айырып кеткенше жалпы денсаулығын бұрынғы қалпына толығымен келтіріп нығайту үшін ұдайы невропатологтың бақылауында болып, мерзімдік емдеуден өтіп тұру керек, сонымен қатар, қажет болған жағдайда, арнайы психоневрологиялық санаторияға жылына бір рет барып денсаулығының даму барысын тексеріп қаралған орынды.

Пайдаланылған Әдебиеттер

- * 1. «Болезни нервной системы» /Руководство для врачей/Под редакцией Н.Н. Яхно, Д.Р. Штульмана - 3-е издание, 2003г.
- * 2. [www.google.kz/http](http://www.google.kz/)
- * 3. Ю.Ф.Исаков «хирургического болезни детского возраста», Москва 2004

Аудиториямен кері байланыс

* 1. Краинография зерттеуі дегеніміз не?

- * Краниография – бұл бүкіл бассүйек ми зақымданулары кезінде, оның локализациясын және бассүйектің зақымдану аймағын, нақты диагноз қоюға және оталық емге қарсы көрсеткіштердің бар-жоғын анықтайдын ең маңызды зерттеу Әдістерінің бірі.

- * 2. Ең алғаш рет жабық бассүйек ми жарақаттарының үш негізгі формасын атап көрсеткен ғалым және формаларды атаңыз?

- * 1773 ж Пти.
- * Мидың шайқалуы.
- * Мидың жарақаттануы.
- * Басмиының қысылуы.

* 3. Реоэнцефалография қандай зерттеу өдісі?

- * Бұл ағзадағы электәткізгіштіктің өзгеруін, пульстік қысымның әр жүрек жиырылуы кезінде қанның толысусымен қатынасын зерттейді.

* 4. Ангиография дегеніміз қандай зерттеу өдісі?

- * Контрастты зат жіберу арқылы басмиындағы қантамырларды басмиішілік гематомаларды зерттеу Әдісі.

* 5. **Мидың соғылуы – бұл?**

- * Зақымдану ми затының макроструктуралық деструкциясы түрінде жиі гемморагиялық компонентпен жарақат күшінің тиген кезінде болады.

- * 6. Клиникалық көрінісінің ауырлығына байланысты дәрежелері?

- * 1 дәрежесі (төменгі немесе аз қауіп) – аздаған бас ауырулары немесе болмауы, жүрек айну және қысқа уақытқа құсулар, есін жоғалтумен жалғасады(секундтар) баста соғылу белгілері болуы мүмкін.
- * • 2 дәрежесі (орташа қауіп) – есін жоғалту 1 минуттан ұзак, үдемелі бастың ауыруы, үйқышылдық, 3 реттен артық құсу, бас айналу, аз уақыттық еске сақтау қабілетінің
- * жоғалуы болуы мүмкін. Бас сүйегінің сыну белгілері, бет қаңқасы сүйектерінің зақымдалу белгілері, көптеген жарақаттар болуы мүмкін.
- * • 3 дәрежесі – неврологиялық белгілері, бастың енген жарақаттары.



***Назарларыңызға рахмет!**